

"Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейтін заңдардың сақталуына тексерулер өткізу жөніндегі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1999-2000 жылдарға арналған бірлескен жұмысы туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Бас прокурорының Әділет министрінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 95 1999 жылғы 15 қарашадағы N 90 Бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 15 қарашада N 976 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Бас Прокуратурасының 2001 ж. 22 қаңтардағы N 7-17-5-2001 және Әділет министрлігінің 2000 ж. 29 желтоқсандағы N 108 бірлескен бұйрығымен. ~V011419

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және олардың мемлекеттік тіркелуін реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3379 U973379_ Жарлығының 5-тармағын іске асыру мақсатында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 P990223_ қаулысының 13-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Z952709_ Заң күші бар Жарлығының 1, 28, 29 баптарына сәйкес

Бұйырамыз:

1. Қоса беріліп отырған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейтін заңдардың сақталуы жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында тексерулер өткізу жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған бірлескен іс-шаралар бағдарламасы бекітілсін.

2. Әділет министрлігі мен Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдарының басшылары осы Бағдарламада көрсетілген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін, сондай-ақ "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Z980231_ Қазақстан Республикасының Заңынан және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және олардың мемлекеттік тіркелуін реттеу жөніндегі шаралар туралы" Жарлығынан шығатын мәселелерге сәйкес өзара әрекеттестікті орнықтырсын.

3. Прокуратура органдары мен әділет органдарының өзара әрекеттестігінің нысандары ретінде:

1) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының белгіленген тәртіпте әділет органдарында тіркелмеген және жарияланбаған нормативтік қаулыларын қоспағанда, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ барлық деңгейдегі жергілікті өкілдікті және атқарушы органдардың ведомствоаралық сипаттағы азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты жалпы міндетті маңызы бар нормативтік құқықтық актілерінің, олардың күштерінің қолданылу мерзімдеріне қарамастан (тұрақты немесе уақытша), соның ішінде мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтер немесе конфиденциалды сипаттағы мәліметтер бар актілердің мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етуде әділет органдарына прокуратура органдарының көмектесуі;

2) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейтін заңдардың сақталуын, соның ішінде мемлекеттік тіркеуден өтпеген заңсыз қолданылып жүрген актілер белгілі болуына байланысты бірлескен тексерулер өткізіп, өз кезегінде заң бұзушылықтарды жою жөнінде бірлесіп тиісті шаралар қабылдау;

3) прокурорлық араласу шараларына сәйкес наразылық білдірілген, жойылған, өзгертілген және күші тоқтатылған және әділет органдары тіркеуге алған нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат алмасу;

4) өзара әрекеттестіктің басқа да нысандары саналады.

4. Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әділет басқармалары бастықтары:

1) жарыққа шығарылған және қолданылып жүрген, бірақ тіркелмеген және жарияланбаған Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері мен жергілікті өкілдікті және атқарушы органдарының актілері белгілі болған кезде кідіртпей тиісті шаралар қолдану үшін прокуратура органдарын хабардар етсін;

2) тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-ына дейінгі мерзімде, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен оның аумақтық органдарына Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарында тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы, сондай-ақ өткен тоқсан ішінде жойылған, күші тоқтатылған және күші жойылған актілер туралы ақпарат жіберіп отырсын;

5. Бас прокуратураның Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау жөніндегі департаменті мен прокуратураның аумақтық органдары:

1) тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-ына дейінгі мерзімде, Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарына өткен тоқсан ішінде

прокуратура органдары наразылық білдірген, жойған, өзгерткен және күшін тоқтатқан нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат жіберіп отырсын;

2) осы бұйрықтың 3-тармағының 1, 2-тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік органдардың қолдану фактілері белгілі болған кезде, ондай нормативтік құқықтық актіні оның мемлекеттік тіркелуіне және жариялануына дейін міндетті түрде күшін тоқтата отырып мұндай актіні қабылдаған (жарыққа шағарған) органға заң бұзушылықтарды жою туралы тиісті құлақ асу актісін енгізісін, бұл жөнінде Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарын хабардар етсін.

6. Бас прокуратураның Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау жөніндегі департаменті мен Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті тоқсан сайын аталған мәселе бойынша жұмыс жағдайын қорытындылап отырсын.

7. Жетекшілік етуші, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының

орынбасары мен Әділет вице-Министрі осы бұйрық жөнінде Бас прокуратура мен Әділет министрлігінің барлық құрылымдық бөлімшелері басшыларына мәлімдесін және оның сөзсіз орындалуын қамтамасыз етсін

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік етуші Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары мен Әділет вице-Министріне жүктелсін.

9. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры, Әділет министрі
2-сыныптағы Мемлекеттік
әділет кеңесшісі

Бұйрыққа қосымша

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейтін заңдардың сақталуы жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында тексерулер өткізу жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған бірлескен іс-шаралар бағдарламасы.

1. Бұйрықтың 2-тармағын орындау үшін 1, 2 кестелерге сәйкес, Қазақстан Республикасының мына мемлекеттік органдарында тексеру өткізілсін:

1 кесте.

№	Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдары	Тексерулер өткізу мерзімдері	Ескерту
---	---	------------------------------	---------

1999 жыл

1	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	IV-тоқсан	
---	--	-----------	--

2	Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	-//-	
---	--	------	--

3	Ғылым және білім министрлігі	-//-	
---	------------------------------	------	--

4	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі	-//-	
---	---	------	--

5	Қазақстан Республикасының Табиғи моно. поляларды реттеу, бәсекені қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі	-//-	
---	---	------	--

2000 жыл

1	Сыртқы істер министрлігі	I-тоқсан	
---	--------------------------	----------	--

2	Қорғаныс министрлігі	-//-	
---	----------------------	------	--

3	Ішкі істер министрлігі	-//-	
---	------------------------	------	--

4	Ауыл шаруашылығы министрлігі	-//-	
---	------------------------------	------	--

5	Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	-//-	
---	---	------	--

6	Қаржы министрлігі	II-тоқсан
7	Мемлекеттік кіріс министрлігі	-//-
8	Көлік және коммуникациялар министрлігі	-//-
9	Экономика министрлігі	-//-
10	Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі	-//-
11	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі	-//-
12	Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі	-//-
13	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі	III-тоқсан
14	Ұлттық қауіпсіздік комитеті	-//-
15	Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі	-//-
16	Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі	-//-
17	Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі	-//-
18	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі	-//-
19	Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі	IV-тоқсан
20	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	-//-

21 Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар -//-
жөніндегі ұлттық комиссиясы

2-кесте.

N Қазақстан Республикасының жергілікті Тексерулер Ескерту
өкілдікті және атқарушы органдары өткізу мерзімдері

2000 жыл

1 Алматы қаласы I-тоқсан

2 Алматы облысы -//-

3 Астана қаласы -//-

4 Ақмола облысы -//-

5 Ақтөбе облысы II-тоқсан

6 Атырау облысы -//-

7 Шығыс Қазақстан облысы -//-

8 Жамбыл облысы -//-

9 Батыс Қазақстан облысы III-тоқсан

10 Қарағанды облысы -//-

11 Қостанай облысы -//-

12 Қызылорда облысы -//-

13 Маңғыстау облысы IV-тоқсан

14 Павлодар облысы -//-

15 Солтүстік Қазақстан облысы	-//-
-------------------------------	------

16 Оңтүстік Қазақстан облысы	-//-
------------------------------	------

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.